## 2023-2024 оқу жылындаата-аналарменөткізілгенжылдық жұмыс талдауы

Тамыз айында мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста комитетінің құрамын сайланып, ата-аналар жұмыс жоспары бекітілді. Ата-аналар мектеп ережелерімен таныстырылды. Мектеп психологы Нурсултанова А.Ш. мен сынып жетекшілер әлеуметтік көмек қажет ететін отбасы балаларын анықтап, тізімін құрды. 1 сынып ата-аналарымен мен келген оқушылардың ата-аналары мектеп жарғысымен таныстырылды.

Тоқсан сайын сынып жетекшілер ата-аналар жиналысын өткізіп отырды. Жыл бойы мектеп психологі ата-аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізіп отырды. Атап айтсақ 8-9 сынып оқушыларының ата-аналарына «Отбасы - бақыт мекені» тақырыбында тренинг, 8-9 сынып оқушыларының ата-аналарына «Отбасындағы психологиялық ахуалдың баланың тұлға болып қалыптасуына ықпалы» тақырыбында дөңгелек үстел жүргізілді. 5-7сынып оқушыларының ата-аналарына PARI әдестемесі жүргізілді. Сонымен қатар мектеп психологі, сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог ерекше білімалатын, қиын оқушылардың ата-аналарымен жұмыс атқарып отырады.

Аталмыш жылы ата-аналар жалпы мектеп көлемінде өткізілетін шараларға белсене атсалысты. Жаңа жылдық шыршаға бастауьш сынып ата-аналары ертегі қойып берді.

Қазан айындағы ата-аналар отырысында оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауын қадағалау туралы ескертілді. Сондай-ак мектеп формасы, тазалығы мен оқушылардың тәртібі туралы айтылды.

Қараша айындағы ата-аналар отырысында 6 «ә» сыныбының жетекшісі Алибаева Н.Б. «Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі, балаға рухани адамгершілік тәрбие берудегі отбасының рөлі» атты баяндама оқып берді.

Желтоқсандағы отырысыта мектеп медбикесі «Оқушылардың салауатты өмір салтын ұйымдастыру» атты баяндама оқыды. Баяндамасында вейп, алкоголь, шылым шегу мен нашақорлықтың зияны туралы айтып өтті. Сонымен қатар отырыста ата-аналарды мектептегі кезекшілікке жұмылдыру туралы айтылып, кезекшілік кестесі құрылды.

Қаңтар айындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілу барысы мен балалардың қауіпсіздік ережелерінің сақталуы туралы айтылды. Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында ата-аналарға мектеп жарғысы бойынша кешкі сағат 21.00- ден кейін қоғамдық орындарда балалардың жүруіне қатан тыйым салынатындығы жайлы түсіндіме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепте түрлі үйірме жұмыстары, спорт секциялары жүргізіліп,оқушылар қоғамдық жұмыстарға тартылып отыр. Түнгі кезекшілік кезінде орынсыз жағдайлармен тәртіп бұзушылықтар кездескен жоқ.

Ақпан айында аналарымыз Утешова Фариза мен Мухтарова Сымбат 7-9 сынып қыздарына «Анамыздан тоқуды үйренеміз» атты шеберлік сабақ

өткізді. Сабақта аналарымыз қыздарға тоқыма түрлері мен қалай тоқу керектігі туралы түсіндіріп берді. Сонымен қатар әлеуметтік педагог пен мектеппсихологі ата-аналар мен 8-9 сынып қыздарына «Жасөспірімдердің өмірлік дағдыларын қальптастыру: қауіп-қатердің алдын-алу» атты ақпараттық сағат өткізді.

Наурыз айында Аналарға арнап барлық сынып мерекелік кеш ұйымдастырып, өз өнерлерін көрсетті. Наурыз мерекесіне орта буын ата-аналары атсалысты. Сонымен қатар аталмыш айда ата-аналар мектептің «Тәртіп сақшылары», «Еріктілер» топтарының жұмыстарына қатысты.

Сәуір айындағы ата-аналар отырысыда ата-аналарға мемлекеттік емтиханға дайындық пен 5-8, 9 сыньптарындағы Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тапсыратын емтихан туралы айтылды. Мектеп медбикесі ата-аналарға «Тимді әрі пайдалы тамақтану негізі» атты баяндама оқып берді.

Мамыр айындағы ата-аналар жиналысында оқушылардың, жазғы демалысин ұйымдастыру туралы айтылды. Мектеп психологы Нурсултанова А.Ш. биылғы оқу жылы мектеп жанындағы аланда жазғы демалыспен 1-9 сынып оқушылары /69 оқушы/ қамтылады. Оның ішінде 5-9 сынып оқушылары /1 оқушы/ арнайы санаттағы оқушылар болған соң оларға мектеп жанындағы аланда тамақ пен қамтылады. Тамақ тек жеңіл түрде беріледі. Арнайы санаттағы 1 оқушы 03.06-07.06.2024ж аралығында қатысады. Қосымшадағы тізім бойынша оқушылардың құжаттарын мемлекеттік қызмет №158 бұйрығына сәйкес «Қала сыртындағы лагерьлерде демалуын қамтамасыз ету» туралы қағидаларына және талаптарына сай жиналды. Құжаттарды мектепте әлеуметтік педагог жинады. Тізімдегі 10 оқушы 3-7 маусым аралығында мектеп жанындағы аланмен қамтамасыз етілетін және жеңіл түрде тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың тізіміне енгізілді.

**Директордың тәрбие ісі орынбасары:** Мукашева В.К.